



Институт Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі
(институт атауы)
Кафедра Мұнай инженериясы
(кафедра атауы)

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
Мұнай инженерия
(кафедра атауы)

(ғылыми дәрежесі, атауы)


Қолы Аты жөні
“ 16 ” 01 2019 ж.
Сыздықов М. К.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Қаражанбас кен орнының тұтқырлығы жоғары мұнай қабаттарын игеру технологиясының тиімділігін бағалау”
(дипломдық жұмыстың тақырыбы)

Мамандығы 5В070800 - Мұнай-газ ісі
(Мамандық шифрі және атауы)

Орындағандар
Жаксыгереева Айгерім Абатқызы
(Білім алушының аты жөні)

Ғылыми жетекші
MSc, ғылым магистрі
(ғылыми дәрежесі, атауы)

Қолы Аты жөні
Насибуллин Б. М.



Институт Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі
(институт атауы)
Кафедра Мұнай инженериясы
(кафедра атауы)

5B070800 - Мұнай-газ ісі
(Мамандық шифрі және атауы)

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
Мұнай инженерия
(кафедра атауы)

(Әкелімі дәрежесі, атауы)

Сыздықов М. К.

Қолы

Аты жөні

“ 18 ”

01 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Жақсыгереева Айгерім Абатқызы
(білім алушының аты жөні)

Тақырыбы: Қаражанбас кен орнының тұтқырлығы жоғары мұнай қабаттарын игеру технологиясының тиімділігін бағалау
(дипломдық жұмыстың тақырыбы)

Университет Ректорының 2018 жылғы "17" қазан №1167-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы "30" сәуір

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) геологиялық бөлім
- ә) техника-технологиялық бөлім
- б) арнайы бөлім
- в) экономикалық бөлім
- г) енбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): шолу картасы, геологиялық қима, тектоника сұлбасы, блоктардың орналасу сұлбасы, игерудің негізгі технологиялық көрсеткіштерінің динамикасы, техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Ұсынылатын

негізгі

әдебиеттер:

14

атаудан

Дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Геологиялық бөлім	16.04.19-19.04.19	жсоқ
Техника-технологиялық бөлім	16.04.19-19.04.19	жсоқ
Арнайы бөлім	23.04.19-26.04.19	— и —
Экономикалық бөлім	23.04.19-26.04.19	— и —
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	26.04.19-30.04.19	— и —
Қоршаған ортаны қорғау және экология	26.04.19-30.04.19	— и —

Дипломдық жоба (жұмыс) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға (жұмысқа) қойған

ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Геологиялық бөлім	Б. М. Насибуллин (MSc)	13.05.19ж	Насибуллин
Техника-технологиялық бөлім	Б. М. Насибуллин (MSc)	13.05.19ж	Насибуллин
Арнайы бөлім	Б. М. Насибуллин (MSc)	— и —	Насибуллин
Экономикалық бөлім	Б. М. Насибуллин (MSc)	— и —	Насибуллин
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	Б. М. Насибуллин (MSc)	— и —	Насибуллин
Қоршаған ортаны қорғау және экология	Б. М. Насибуллин (MSc)	— и —	Насибуллин
Норма бақылау	Б. М. Насибуллин (MSc)	— и —	Насибуллин

Ғылыми жетекші

Қолы

Насибуллин Б. М.

Аты жөні

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Қолы

Жақсыгереева А.А.

Күні

"16" мамыр 2019ж.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Дипломдық жұмысты орындаған:
Жақсыгереева Айгерім

5B070800 – Мұнай-газ ісі

Тақырыбы: «Қаражанбас кен орнының тұтқырлығы жоғары мұнай қабаттарын игеру технологиясының тиімділігін бағалау» Бұл дипломдық жұмыс, кафедраның «Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) жасау және рәсімдеу» әдістемелік талаптарына сәйкес жазылған. Дипломдық жұмысты жасау барысында студенттер өздерінің бірінші өндірістік және диплом алдындағы практикаларынан өту барысында жинаған материалдарын сауатты қолдана білді.

Дипломшының жобаны орындау кезіндегі жауапкершілігін, инженерлік ойлау дағдысы мен сәйкесті дұрыс шешім қабылдау қабілетін ескере кету қажет.

Жобаның арнай бөлімінде, Қаражанбас кен орнының ағымдағы игеру жағдайына талдау жасай отырып, өнімді қабаттың мұнай бергіштігін арттыру мақсатында қолданылатын дәстүрлі және заманауи технологияларға сараптама жасап, олардың тиімділігі қарастырылған және экономикалық бөлімде күрделі қаржылар, пайдалану шығындары және табысты болжай отырып техникалық-экономикалық көрсеткіштері арқылы экономикалық тиімділігі бағаланған.

Дипломдық жұмысын орындау барысында дипломант ғылыми - теориялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, мақалаларды саралап, пайдалана білген. Жұмыс 5 тараудан, кіріспе мен қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста баяндалған мәселелер әр тақырыпшаға сай іріктелген, мысалдары жеткілікті.

Диплом жұмысын орындаушы тақырыпты толық ашуға әрекет еткен. Тұжырым, дәлелдемелері ғылыми негізде тиянақталған. Зерттеу жұмысы дипломның талабына сай жазылған және қорытындыланған.

Дипломдық жұмыс МАК алдына қорғауға ұсынылады. Ал, дипломшы инженер біліктілігі бар Мұнай-газ ісі бакалаврының академиялық дәрежесіне лайықты деп есептеймін.

МИ кафедрасының лекторы,
MSc (ғылым магистрі), ҚазҰТЗУ

Насибуллин Б.М. *Насибуллин* (қолы)
«14» *мамыр* 2019 ж.

Отчет подобия



Университет:	Satbayev University
Название:	Қаражанбас көн орнының тұтқырлығы жоғары мұнай қабақтарын игеру технологиясының тиімділігі
Автор:	Жақсыгереева Айгерім
Координатор:	Насибуллин
Дата отчета:	2019-05-10 07:54:21
Коэффициент подобия № 1:	0,4%
Коэффициент подобия № 2:	0,0%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2:	25
Количество слов:	8 247
Число знаков:	61 370
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	57

! К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.
Количество выделенных слов 45

- >>** Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные
- >>** Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks **1**
- >>** Документы,содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных
- >>** Документы,содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных
- >>** Документы,содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Детали отчета подобия

Фрагменты, найденные в документах базы данных отмечены красным цветом.

КІРІСПЕ

Соңғы 20-30 жылда мұнай қорларының көлемінің төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалуда, ал жаңа кен орындар шеткі солтүстік аймақта және Арктикалық қайраңда ашылды. Бұл кен орындармен жұмыс жасау қиын болғандықтан, оператор компаниялар ауыр мұнай мен табиғи битумдарға бет бұра бастады, өйткені олардың қоры аз және орташа тұтқырлы мұнай көлемінен бес есе асып түседі [1].

Әлем бойынша ауыр және аса ауыр мұнайдың, битумдардың болуы - игерудің жылулық әдістерін жетілдіру қажеттілігіне әкеліп отыр. Сонымен қатар, игерудің біріншілік әдісін қолдану өте аз мұнай бергіштік коэффициентімен (МБК) байланысты [2].

Әр түрлі бағалаулар бойынша жоғары тұтқырлы мұнай қорлары 790 млрд.тоннадан 1 трлн. тоннаға дейін қамтиды екен, ал бұл болса шамамен 162 млрд. тоннаны құрайтын аз және орташа тұтқырлы мұнайдан 5-6 есе көп болып отыр[3]. Ал ғалымдардың зерттеулеріне сүйенер болсақ, жеңіл мұнай қоры осы ғасырдың бірінші жартысында аяқталады. Ал ОПЕК-ке кірмейтін елдерде бұл 20-25 жыл төңірегінде аяқталады деген болжам бар екен[3].

Айта кететін болсақ, ауыр мұнай өнеркәсіп дамыған елдерде игеретін резерв ретінде емес, керісінше келер жылдарда басты игерілетін база ретінде қарастырылып отыр[4]. Алайда оларды қолдану арнайы қымбат технологияларды пайдалануды талап етеді, себебі олар қайта өңдеуде күрделі, тұтқырлығы жоғары болғандықтан оларды айдау қиын, ұңғымада жылжуы, сондықтан үлкен дебиттерде алу қиын.

Зерттеу жұмысының тақырыбы «Қаражанбас кен орнының тұтқырлығы жоғары мұнай қабаттарын игеру технологиясының тиімділігін бағалау».

Зерттеу жұмысында Қаражанбас кен орнындағы тұтқырлығы жоғары мұнай, оларды игеру технологиялары, салыстырмалы түрде тиімділігін талдау жүргізіледі. Сонымен қатар, келешекте қандай тәсілмен жұмыс жасау экономикалық, экологиялық және технологиялық жағынан тиімді болатындығына баға беріледі.

1 Геологиялық бөлім

1.1 Кен орын туралы жалпы мәліметтер

Қаражанбас кен орны ҚР Маңғыстау облысы аймағындағы Бозашы түбегінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Кен орынның солтүстік-шығыс аумағына қарай 20-55 километр қашықтықта жұмыс істеп тұрған Солтүстік Бозашы, Қаламқас және Арман мұнай кәсіпшілігі жұмыс істеуде. Қаражанбас кәсіпшілігі арқылы Қаламқас-Арман-Қаражанбас-Жетібай-Өзен-Атырау-Самара мұнай құбыры, сондай-ақ Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы және Арман мұнай кәсіпшіліктерін электр энергиясымен қамтамасыз ететін жоғары вольтты электр желісі өтеді [5].

1.2 Кен орынның геологиялық құрылымы


1.2.1. Стратиграфиясы

Қаражанбас кен орны көп қабатты. Өнімді қабаттар төменгі бордың 6 қабатында және жоғарғы юраның екі қимасында табылған. Яғни кен орын аумағында қалыңдығы 3750 м болатын триас, юра және бор горизонттарының өнімді шөгінділерін қамтитын қималар ашылды. 1.1-суретте I-I сызығы бойынша геологиялық қима бейнеленген.


Триас қабаты шөгінділері (T_1) 315-353 м тереңдікте табылған. Триас шөгінділері тек төменгі бөліммен сипатталады, оның құрамында инд және оленек ярустары бар. *Инд ярусы* тек бір ғана қалыңдығы 1000 м барлау ұңғымасында Г-2 ашылған және қою сұр полимикті құмтастар мен қою қоңыр аргиллиттер және қою сұрдан қара алевролиттерге дейінгі аралықта құмтастардың қабаттасуымен сипатталады. Табандық аймақта саз қалдықтарымен байланысқан ұсақгалечты конгломераттар мен ангидритті цементтер бар. Ал *оленек ярусы* юра-борлы өнімді қабат, қою-сұр аргиллит, мергель және сазды әктасдың болуымен сипатталады.

Юра қабаттары ($Ю_1$ және $Ю_2$) толықтай ашылған. Олар шайылған триас шөгінділері бетінде жайылған. Кен орында тек екі бөлім ғана бар: бат және байосс ярустарымен сипатталған төменгі және ортанғы бөлімдер. Олар сұрғыш түсті сұр сазбен, құрамына көмір мен пирит дәндері қосылған тығыз карбонат, ала-сұр ұсақ түйірлі кварцты сазды құм қабаттарынан тұрады. Жалпы айтқанда, ортаңғы юра таралым аумағы кең және үлкен қалыңдықты болып келеді (211 м дейін, 113-ұңғыма).

Литологиялық тұрғыда юра шөгінділері саздардың, алевролиттер мен құмтастардың қабаттасуынан тұрады. Өндірістік мұнайбергiштік юрада $Ю-1$ және $Ю-2$ горизонттарында қалыптасқан.



1.1 Сурет – I-I сызық бойынша геологиялық кима [5]



1.2 Сурет – Шөгінділердің өнімді қабатының қимасы [5]


Бор бөлімі (K₁) берриас-валанжин, апт және альб төменгі бөлімімен айқындалады. Бор жасындағы тау жыныстар юра және триас шөгінділерінің

бетінде жатады. Өндірістік мұнайбергiштік неокомда- А, Б, В, Г, Д қабаттарында қалыптасқан (1.2-сурет).

Неоком шөгінділері бірқатар таужыныстарға ие, оның ішінде саздың біртекті емес орналасуы, алевролиттер(алевриттер) және құмтастар(құмдар). Литологиялық түрде олар ұсақ түйіршікті, төмен цементтелген, сұр, жасыл-сұр және кірпіш-қызыл, тығыздалған, қабықсыз, жоғарғы бөлігінде карбонатты, алевритті, слюдалы, сұр-қоңыр, ұсақ түйіршікті, сазды құмдармен; алевролиттермен әлсіз цементтелген; жасыл-сұр микро күкіртті әктастар сирек сынықтарымен; жасыл-сұр микро күкіртті әктастар сынықтарымен; көмірленген өсімдік қалдықтарынан тұрады. Стратиграфиялық үйлесімсіздікке ие апт ярусы кугусем свитасын жабады. Қабаттың негізінде қалыңдығы 20 м дейінгі базальды құм-алевролитті горизонт, ірі түйіршікті сұр алевролитпен және ұсақ түйіршікті құмды алевритпен, құрамында қиыршық гравийлі-галакты материал аз ғана бар. Альбо қабаты аздап шайылып, апта шөгінділерінде жатыр. Қимада аммониттер кездеседі. Апт және альбалық жауын-шашын таяз су бассейнінде теңіз трансгрессиясы кезінде қалыптасты. Бор шөгінділерінің қалыңдығы 321 м-ден 590 м-ге дейінгі тереңдікте жатыр. Юралық және борлы шөгінділерде анықталған барлық өнімді қабаттар мен горизонттар жылу әсерінің объектілері болып табылады[6].

1.2.2. Тектоника

Тектоникалық тұрғыдан Қаражанбас құрылымы Бозашы күмбезінің, Солтүстік-Үстірт-Бозашы иілу және көтеру жүйесінің шегінде орналасқан және субшироттық простирленудің брахиантиклиналдық қатпарларында ұштастырылған (1.3-сурет). Қаражанбас құрылымының ауданы жоғары тектоникалық белсенділікпен юраға дейінгі және юра-бор шөгінділерінің аумағында сипатталады. Тұйықталған изогипстің контурындағы минус 440 м құрылымның өлшемі 110 метр көтеру амплитудасында 24,6*4,6 км-ді құрайды.



1.3 Сурет – Тектоникалық сызба [6]

1.3 Мұнайгаздылығы

Барлық өнімді қабаттар аз цементтелген және кеуектілік дәрежесі 20-40%. Керн бойынша өткізгіштігі $30 \cdot 10^{-15}$ –нан $3500 \cdot 10^{-15}$ м² аралығында ауытқиды. Горизонттар бойынша бастапқы қабат қысымы 2,1-5,5 МПа аралығында ауытқиды [7]. Ал коллектордың жалпы қалыңдығы 1,5-26,1 м, эффективті қалыңдық- 4-18,6 м, мұнайға қаныққан- 2-14,6 м аралығында ауытқиды. Мұнайға қанығу коэффициенті 0,63-0,75 [8].

Кен орын пайдалану барысында барлық өнімді шоғырлар игерудің үш объектісіне бөлінген:

I объект – А₁, А₂, Б және В шығырлары (төменгі бор);

II объект –Г, Д₁, Д₂ шоғырлары (төменгі бор);

III объект –Ю-I, Ю-II горизонттары (орта юра).

1.1-кестеден көріп тұрғанымыздай, кеуектіліктің айтарлықтай айырмашылығы I және II объектілерде, яғни I объектіте керн бойынша өткізгіштік ГИС-пен салыстырғанда екі есе аз (0.21 и 0.445), ал III объект бойынша керісінше (0.436 және 0.175) [7].

1.1 Кесте - Объектілердің геология - физикалық сипаттамасы

Параметрлер	Объектілер		
	I	II	III
Жату тереңдігі, м	258	290	375
Шоғыр түрі	Қабаттық жиынтық тектоникалық экрандалған	Тектоникалық және литологиялық экрандалған қабат	Қабаттық жиынтық тектоникалық және стратиграфиялық экрандалған
Коллектор түрі	Кеуекті	Кеуекті	Кеуекті
Мұнай сыйымдылығы ауданы, мың м ²	74521	36030	20376
Орташа жалпы қалыңдығы, м	29.7	27.4	35.8
Орташа мұнай қаныққан қалыңдық, м	9.3	14,6	19,2
Орташа кеуектілік, бірлік үлес	0.28	0.3	0.29
ГИС бойынша орташа өткізгіштігі, мкм ² .	0.445	0.472	0.175
Керн бойынша орташа өткізгіштігі, мкм ² .	0.21	0.428	0.436
Мұнайға қанығу коэффициенті, бірлік үлес	0.717	0.74	0.687
Құмдылық коэффициенті, бірлік үлес	0.34	0.59	0.62

1.4 Қабат мұнайының қасиеттері

Мұнай ауыр, смолалы, күкіртті, аз парафинді, жеңіл фракциялардың аз шығымымен (жеңіл фракциялар 350°С шығымы 27%), газға әлсіз қанығуымен сипатталады.

Юра (№ 108 ұңғыманың 362-376 м интервалында) және неоком (№ 101 ұңғыманың 251-258 м интервалы) дәуіріндегі горизонттардағы мұнайдың

физика-химиялық көрсеткіштері: ρ^{20}_4 0,9431 және 0,9395; орташа молекулалық масса 309-409; кинематикалық тұтқырлық 20°C кезінде- 539 және 920 мм²/с, ал 50 °С кезінде- 117 және 150 мм²/с; қату температурасы -17 және -26 °С; парафин мөлшері 1,40 және 1,49 %, балқу температурасы 42 және 59 °С аралығында ауытқиды. Дистиллятты бөліктің аздығына қарамастан, мұнай жәй қататын болып келеді(-17°C). Мұның себебі ретінде асфальтенді-шайырлы заттардың аз мөлшері болуымен(1,4 %) түсіндіріледі.

Мұнайдың элементтік құрамы (№ 108 ұнғыма) мынадай: С- 84,09%, Н- 12,5%, N-2,14%, О-0,88%, S-0,39% [8]. Сонымен қатар, Қаражанбас мұнайы квалификация бойынша жол өндірісіне қолайлы ең жақсы сапалы мұнай ретінде қарастырылады, себебі көмірсутектік құрамы бойынша А+С-2,5 П=8,0 теңдеуіне сәйкес келеді. Мұндағы А-асфальтендер, С-смола, П-парафиндер [8].

Мұнайды өңдеу кезінде оның құрамында тек күкірт пен азотты қосылыстардың болуын ғана емес, сонымен қатар ванадий мен никель қоспаларының барын білу маңызды. Бұл металдардың болуы мұнай өнімдерінің жануы кезінде жеңіл жанғыш шлактардың түзілуіне әкеледі. Ванадий мен никель крекинг катализаторларының селективтілігі мен белсенділігіне теріс әсер ете отырып, құрал-жабдықтардың коррозиясын шақырады [8]. Норс Каспиан Ойл Девелопмент компаниясының жасаған сараптама нәтижелеріне сүйенер болсақ, ванадий бес оксидінің концентрациясы 1 тонна мұнай үшін 295-тен 365 грамм шамасында болып отыр [9].

1.2-кестеде ҚР Ядролық Физика Институты және атом-эмульсиялы спектрометрия әдісі арқылы Қаражанбас мұнайының микроэлементтік құрамы көрсетілген [8].

1.2 Кесте- Қаражанбас мұнайының микроэлементтік құрамы

Элемент	№206		№106		Элемент	№206		№106	
	ҰНҒ.	(289-305 м)	ҰНҒ.	(378-400 м)		ҰНҒ.	(289-305 м)	ҰНҒ.	(378-400 м)
Be		0,24		0,17	As		4,54		4,50
Al		2,50		8,30	Sr		0,18		0,27
V		142,00		145,00	Mo		0,33		0,27
Cr		0,47		0,60	Cd		0,03		0,03
Fe		4,60		7,80	Sn		0,50		0,50
Ni		39,40		37,00	Sb		0,27		0,29
Cu		0,48		0,17	Ba		0,37		0,92
In		2,57		0,33	Te		0,50		0,50

Сонымен қатар, Қаражанбас кен орны мұнайының метанның жоғары мөлшері (шамамен 90% мол.) және оның аз мөлшердегі гомологтарының болуын айтуға болады[9].

Қаражанбас кен орнының неокомдық және юра өнімді қабаттарының құрамы мен қасиеттері барлау және игеру кезеңінде 40-тан астам ұнғымалардан

алынған терең үлгілерді зерттеу нәтижелерінен алынған. Зерттеу нәтижелерінің қорытындысын ұсынатын болсақ, кен орын бойынша мәндер:

- қабат қысымы 2,74 - 3,67 МПа;
- температура 20,85-30,2 °С;
- қанығу қысымы 0,3-1,75 МПа;
- газ мөлшері 1,28-6,12 м³/т;
- көлемдік коэффициент 1,01-1,03 бірлік көлем
- қабаттық жағдайдағы мұнай тығыздығы 0,913-0,940 г/см³;
- 20 °С кезіндегі мұнай тығыздығы 0,928-0,949 г/см³;
- ерігіштік коэффициенті 2,37-3,95 м³/м³*МПа;
- қабат мұнайының тұтқырлығы 369-1040 мПа*с [8].

1.5 Мұнай және газ қоры

Жалпы, кен орын бойынша мұнай мен мұнайдағы еріген газдың геологиялық қоры өнеркәсіптік санаттар бойынша 301154 мың тоннаны және 2440 миллион текше метрді құрады. Оның ішінде В санаты бойынша—257902 мың т және 2080 млн.м³ (84%), С1 санаты бойынша— 43251 мың т және 360 млн. м³ (14,4%) тиісінше. Газ шапкасындағы газ қоры 2,2 млн. м³ құрады. Бор шөгінділеріне жататын шоғырлар үшін В+С1 санаты бойынша мұнай қоры 253 919 мың тонна (84,3%) құрады, юра шөгінділерінің үлесіне 15,7% тиесілі.

2013 жылы 154 ұңғыма бұрғыланды.1.3-кестеде I және V блоктардағы шоғырлар бойынша мұнайға қаныққан көлемдерді салыстыру келтірілген.

1.3 Кесте- I және V блоктардың шоғырларының мұнай сыйымдылығы көлемін салыстыру

Горизонт	Блок	Мұнайға қаныққан аудан, мың м ²		Мұнайға қаныққан орташа қалыңдық, м		Мұнайға қаныққан тау жыныс көлемі, м ³	
		2007 ж	2013 ж	2007 ж	2013 ж	2007 ж	2013 ж
А1		4370	4370	5,0	4,9	21838	21413
			0,0		-2		-2
Г		4556	4556	5,6	5,4	25512	25058
					-3,6		-3,6
А1	ШЫҒ	33950	33950	2,9	2,6	96830	101850
			0,0		-10,3		-10,3
Д2	ШЫҒ	5155	5155	12,2	12,0	62666	61860
			0,0		-1,6		-1,6

Кестеден көрініп тұрғандай, А1 және Г қабаттарындағы V блок бойынша қабылданған қалыңдық шамаларының (2 және 3,6% -ға) азаюы орын алды. I блокта орташа өлшенген мұнайға қаныққан қалыңдықтар тиісінше А1 және Д2 қабаттарында 10,3% және 1,6% - ға азайды [6].

2 Технологиялық бөлім

2.1 Кен орынды жобалау және игеру тарихы

Қаражанбас кен орны игеруге 1980 жылы жіберілген. Ең алғаш К-12 ұңғымасы ашылған. Игеру мұнай бергіштікті арттырудың жылулық әдістерін қолдану арқылы жүргізілген және жоғары тұтқырлы мұнайдың жатыс тереңдігі 250-500 метр болды [8]. Осы уақытта кен орында әр түрлі мақсаттағы 597 ұңғыма бұрғыланды, эксплуатацияға өнімділігі 60 т/сағ және қысымы 6 МПа болатын екі бу генераторы, Каспий теңізінің суын тұщыландыру мақсатында 9 қондырғы орнатылған [10].

1982 жылы тәжірибелік аумақта термиялық әдістерді қолдана отырып игердің технологиялық схемасы жасалды. 6 ай бойы 26 өндіруші ұңғыма табиғи режимде эксплуатацияланды. Бірінші 26 ұңғыманың дебиті (тұрақты қор) 2 есе төмендеген және олардың фонтандық игерілуі тоқтаған кезде, 100 x100 м ұңғыма торының тығыздығы бар учаскеде жылу тасымалдағышты айдау 1982 жылдың желтоқсанында басталды. Кен орында екі тәжірибелік аумақ құрылды: біреуі ылғалды қабатішілік жану әдісін қолдану (ЫҚЖ), екіншісі – бу жылылық әсерді қолдану (БЖӘ) [10].

Қаражанбас кен орнындағы ЫҚЖ және БЖӘ технологиясынан басқа әсер етудің басқа да технологиялары жобаланды: қабатішілік құрғақ жану, көбік процесін реттеумен құрғақ және ылғалды жану, мұнайды полимер ерітіндісімен және бумен ығыстыру, мұнайды сумен ығыстыру.

1996 жылы ЫҚЖ қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданды және тиісінше, 1996 жылдан бастап ауа айдауды тоқтатты. Қазіргі уақытта кен орындарында бу және су айдау технологиясы жүзеге асырылуда [11].

2.2 Ұңғымалар қорының жағдайы

01.01.2014 жыл бойынша Қаражанбас кен орнында барлығы 3421 ұңғыма бұрғыланды, оның ішінде: 2550 (74,5%) – өндіруші, 713 (20,8%) – айдау, 23 (0,7%) – бақылау, 53 (1,5%) – жұтатын, 82 (2,4%) – жойылғандар. 2.1-кестеде ұңғымалар қорының сипаттамасы келтірілген [9].

2.1-суретте ұңғымалардың орналасу схемасы көрсетілген. Өндіруші ұңғымалардың істен шығуының негізгі себебі мұнайдың жоғары сулану деңгейі және ұңғы оқпанындағы сұйықтық деңгейінің төмен болуы, ал айдау ұңғымаларында-технологиялық себептер мен эксплуатациялық құбырдың герметикалылығы себепші болып отыр [10].


371 жұмыс істеп тұрған су айдау ұңғымаларының ішінде: 344 ұңғыма арқылы орталық аймаққа ыстық су айдалған, 7-еуі арқылы шығысқа және 5-еуі арқылы батысқа. Бұнымен қоса, 207 айдау ұңғымалары арқылы шығыс және солтүстік аймақтарда бу айдалған. Бұл уақытта бір бу айдаушы ұңғыма(3182)

жұмыс істемей тұрған, 1 ұңғыма (2863) 2013 жылы жабылды. Осылайша, шығыс және солтүстік аймақтарда буды 205 ұңғыма арқылы айдаған.

2.2-кестеден көріп тұрғанымыздай, игерудің I объектісі (90%) 5 т/тәул дейінгі шығыммен ұңғылардың басым бөлігі жұмыс істеді, соның ішінде 67 %-тәулігіне 2 т мұнай беріп тұрды. Ұңғымалардың жартысы (47%) 10-50 т/тәул көрсеткішпен сұйықтық өндірген. Сұйықтық дебиті 50 т/тәул болған жағдайда ұңғылардың 6% жұмыс атқарған. I объектегі аз дебитті ұңғылар(сұйықтық дебиті 5 т/сут аз) – 33%, ондағы 20%-ы сұйықтықтың орташа дебиті 2 т/тәул-ке дейін болып отыр.

2.1 Кесте- 01.01.2014 ж. жағдай бойынша ұңғымалар қоры

Атауы	Категория	Ұңғ. саны	Атауы	Категория	Ұңғ. саны	
Өндіру ұңғылары	барлығы	2550	Арнайы	бақылау	23	
	істеп тұрған	2420		жұту	53	
	фонтанды	1	Консервацияда	барлығы	0	
	ҰШСҚ	925				
	ВШСҚ	1494				
	Істен шық. фонтанды	ҰШСҚ	126	Жойылған		82
		ВШСҚ	14			
		ҰШСҚ	41			
		ВШСҚ	71			
Айдау ұңғылары	игерілуде	4	Барлығы		3421	
	барлығы	713	Айдау ұңғылары			
	істеп тұрған	600				
	істен шық.	100				
игерілуде	13					



2.1 Сурет - Қаражанбас кен орнының тәжірибелік-өнеркәсіптікучаскесінде ұңғымалардың орналасу схемасы:

1 –өндіру ұңғымасы; 2 –айдау ұңғымасы; 3 – уақытша игеруші ұңғымалар [28]

2.2 Кесте – 01.01.2014 ж. I объектіден өндірілетін мұнай және сұйық дебиті бойынша ұңғылардың бөлінуі

Көрсеткіштер	Дебиттер диапазоны, т/тәул						Барлығы
	<2	2-5	5-10	10-20	20-50	>50	
мұнай шығымы бойынша							
Ұңғылар саны	62	21	81	14	0	0	941
%	67	23	9	1.	1		100
сұйық шығымы бойынша							
Ұңғылар саны	19	12	12	19	25	60	941
%	20	13	13	20	27	6	100


2.3 Кесте - 01.01.2014 ж. I объект бойынша өндіруші ұңғылар мұнайының сулану деңгейі

Көрсеткіштер	Сулану диапазоны, %					Барлығы
	<2	2-20	20-50	50-90	>90	
Ұңғылар саны	25	12	11	29	378	941
%	2,	13	12	31	40,	100

2.3 – кестеде 2014 жыл мәліметтері бойынша Қаражанбас кен орнында өндіру ұңғымаларының 72%-ы 50%-дан жоғары сулану мөлшерімен, 40%-ы 90%-дан жоғары сулану дәрежесіне ие екендігін көреміз[11].

2.3 Кен орынды игерудің ағымдағы жағдайы

2.2-суретте 1980-2013 жылдар арасында мұнай мен сұйықтықтың жылдық өндіру динамикасы, өндіруші ұңғымалардың қолданыстағы қоры, бір ұңғыманың орташа тәуліктік дебиті және игеру басталғаннан бастап талдау күніне дейінгі кен орын бойынша мұнайдың сулануы көрсетілген.




2.2 Сурет– Қаражанбас кен орнында игерудің негізгі технологиялық көрсеткіштерінің динамикасы (1980-2013 ж) [11]

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы сұйықтық өндіру 11,5%-ға, мұнайдың сулануы – 1%-ға, мұнай өндіру-0,7%-ға артты. Жалпы кен орны бойынша мұнай өндіру жұмыс істеп тұрған өндіруші ұңғымалар санының 2134-тен 2420 бірлікке (13%) дейін айтарлықтай ұлғаюына қарамастан, 2012 жылғы 2037,4 мың тоннадан 2013 жылы 2051,7 мың тоннаға дейін аз ғана ұлғайды.

Жұмыс агенттерін өңдеу басталғаннан бастап айдау динамикасы 2.3-суретте көрсетілген.

2.3-суреттен көріп тұрғанымыздай, 2000 жылға дейін ауа мен салқын су айдалуы тоқтатылған, ал бу мен ыстық су айдау 2013 жылға дейін игерудің маңызды бөлігі екендігі көрініп тұр[11].



2.3 Сурет- Жұмыс агенттерін өңдеу басталғаннан бастап айдау динамикасы (1984-2013 ж.) [11]

Қабаттың бастапқы қабат қысымы 4,0-5,4 МПа, ал 01.01.2014 жылға 2,4-4,2 МПа түскен. Ал қанығу қысымы сәйкесінше 1,72-2,03 МПа аралығында болған[12].

2.4 Ұңғыны пайдалану әдістері

20 жыл төңірегінде эксплуатациядағы Қаражанбас кен орны үшін экономикалық жағынан тиімді жағдайда жобалық игеруді қамтамасыз ету мақсатында ұңғымадан сұйықтықты көтерудің ұтымды тәсілін, қажетті жабдықты және оның жұмыс режимін таңдау нақты кәсіптік деректерге негізделеді. Кен орында мұнай мен газ өндіру құм түзілумен, өнімнің жоғары тұтқырлығымен және сулануымен қиындатылған. Бұл игеру мен жабдықтарды таңдау кезінде белгілі бір шарттар мен шектеулер тудырады. Кен орында мұнай мен газды өндіру үшін қолданылатын техника мен технологиялардың тиімділігін бағалау және оны арттыру жолдарын анықтау үшін өндіруші қордың жұмыс істеп тұрған ұңғымаларына техникалық–технологиялық талдау (жер үсті және

жер асты жабдықтары жұмысының жай-күйі мен сипаттамасы, жер асты жөндеулерінің себептері мен олардың жеделдігі және тағы басқалар) жүргізілді[11].

Механикаландырылған қордың ұңғымаларына анализ жасау негізінде ұңғыманың жай-күйін және ұңғымалық жабдықтың жұмысын сипаттайтын ағымдағы параметрлерді бағалау жатады. Бұл параметрлерге сораптың өнімділігі және оның жұмыс жасау режимі, қоры, беріліс коэффициенті ($K_{\text{беріліс}}$), сораптың түсірілу тереңдігі (H_c), өнімнің сулануы, динамикалық деңгей ($H_{\text{дин}}$), түп қысым ($P_{\text{түп}}$) және ағымдағы қорға тәуелді өнімділік коэффициенті ($K_{\text{өн}}$) жатады. Өндірісте ұңғымалар бойынша түп қысым динамикалық деңгей бойынша эхолотпен анықталады.

2.4.1 Ұңғымалық штангалы сорапты қондырғы (ҰШСҚ)

ҰШСҚ жабдықталған ұңғымалардың жер үсті жабдығы СК-3, СКД-3, СКР-4, СК-6К, СК-6Р, СКД-6, ПНШТ-6 жүк көтергіштігі сәйкесінше 3, 4 және 6 т тербелгіш станоктармен қамтылған. Қолданылатын тербелгіш станоктар сорғылардың үлгі өлшеміне, оларды түсіру тереңдігіне және ұңғымалардың дебитімен сипатталады. Ұңғының жер асты жабдықтарына сорапты плунжер, сорапты компрессорлы құбырлар және штангалар жатады. Негізінен 817 терең сорапты ұңғыма диаметрі 73 мм СКҚ, диаметрі 60 мм – 70 ұңғыма және 89 мм диаметрлі СКҚ-мен 38 ұңғыма жабдықталған.

Сорғылардың түсіру тереңдігі ұңғымадағы сұйықтықтың деңгейіне байланысты. Оның жұмысына кедергі болатын факторларға (жоғары сулану, құм пайда болу). Кен орында диаметрі 38, 44, 50, 57 және 70 мм болатын салынбалы және құбырлық сораптар қолданылады.

Диаметрі 38 мм (Precision-38) сорғылармен 7 ұңғыма жабдықталды, сонымен қатар кен орында эксплуатациялау үшін қажетті болып табылатын сорғылардағы үлкен диаметрлі қабылдау клапанымен (70 мм) жабдықталған. Диаметрі 44 мм (Precision-44, ТНМ-44, Shl-44, НН-44) сорғылармен 334 ұңғыма жабдықталған. Диаметрі 57 мм сорғылар (Precision-57, НН-57, ТНМ-57, СУВ-57, Shl-57) 547 ұңғымада орнатылған, бұл ретте Precision, НН және Shl маркалы сорғылармен жабдықталған ұңғымаларда диаметрі 70 мм қабылдау клапандары қолданылады.

Сонымен қатар, тұтқыр ортада сорғы қондырғыларының жұмыс істеуі үшін қосымша ауырлатылған штангалар пайдаланылатынын атап өту керек. Сонымен қатар СКҚ бағанасының төменгі жағы құйғышпен(воронка), қисық кесіндімен, газ сепараторымен, якормен, ілінетін және стационарлық сүзгілермен жабдықталады.

Тереңдік-сорғы жабдығы көп ұңғымаларда(84%) орташа 21,6 м перфорация интервалына түсіріледі. Басқа ұңғымаларда сорап перфорация интервалынан жоғары орташа 20,1 м түсірілген.

Ұңғының жұмысын сипаттайтын басты параметрлерге мұнай қоры мен сулану жатады. 2.5-кестеде 01.01.2014 ж. жағдай бойынша ШТСҚ-мен жабдықталған өндіруші ұңғымалардың қолданыстағы қоры дебиттер мен сулану бойынша берілген. Аз дебитті (сұйықтық дебиті 5 м³/тәул дейін) ШТҚ жабдықталған жұмыс істеп тұрған ұңғымалар қоры 133 ұңғыма (12,3%) екен. 63 ұңғыма (6,9%) жоғары дебитті болып табылады (сұйықтық дебиті 50 м³/тәулден астам). 70% астам суланумен 925 ұңғыманың 639-ы (65,3%) жұмыс істеген.

2.5 Кесте- ШТСҚ-мен жабдықталған өндіруші ұңғымалардың дебиттері мен сулануы

Дебиттер интервалы, м ³ /тәул	Сулану аралықтары, %				Нәтижесі
	<2	2-30	30-70	>70	
<5 м ³ /тәул	5	60	56	12	133
5-50 м ³ /тәул	-	12	148	569	729
>50 м ³ /тәул	1	-	3	58	63
<i>Барлығы</i>	6	72	207	639	925

2.4.2 Бұрандалы штангалы сорапты қондырғы (БШСҚ)

БШСҚ-ның жер асты жабдығы жоғарғы электрлік жетекпен сипатталады. Жер асты жабдығы бұрандалы сорап, сорапты компрессорлы құбыр және штангадан тұрады. Кен орнында өнімділігі BMW бұрандалы сорғылар қолданылады, ол тәулігіне 95 м³ 7, 10, 16, 28, 42, 64, 83 100 айн/мин кезінде, BL сорғылары өнімділігі 25, 44, 65, 130, 200, 270, 350, 450 525 м³/тәул, Моyno сорғылары өнімділігі 4,17, 27, 44, 75 және 110 м³/тәул, өнімділігі 30, 60 және 100 м³/тәул KUDU сорғылары, өнімділігі 24 және 41 м³/тәул G сорғылары.

Талдау NETZSCH насосымен – 480 ұңғыма (26,4%), BL насосымен 422 ұңғыма (32%), BMW – 361 ұңғыма насосымен (25,4%), Моyno – 201 ұңғыма насосымен (12,7%), РСМ – 18 ұңғыма насосымен (1,84%), KUDU – 9 ұңғыма насосымен (0,9%), G – 2 ұңғыма насосымен (0,46%), EVEN – 1 ұңғыма насосымен (0,1%) жабдықталды.

Бұрандалы сораппен жабдықталған аз дебитті (5 м³/тәул) ұңғыларға 451 ұңғыма жатады(30,2%). 2014 жылдың 1 кварталында орташа дебитті 916 ұңғыма, 127 ұңғыма (8,5%) жоғары дебитті(50м³/тәул-тен көп). 70% жоғар суланумен 754 ұңғыма (50,5%), олардың 423-сі (28,3%) 90% жоғары суланумен жұмыс жасайды [13].

2.5 Ұңғымаларды пайдалану кезінде қиындықтарды алдын алу және олармен күресу шаралары

Қаражанбас кен орнындағы ұңғымалар мен жер бетіндегі жабдықтарын пайдалану барысында қиындықтар болуы мүмкін:

- ұңғы өнімінің сулануының ұлғаюы;
- өндіру және айдау ұңғымаларының түп маңы аймағының ластануы;
- құм тығындарының пайда болуы;
- ұңғымалық және жер үсті жабдықтарының коррозиясы.

Осының барлығы ұңғымалардың дебитінің төмендеуіне, бағалы жабдықтардың мерзімінен бұрын істен шығуына және ұңғымаларды жөндеуге қосымша эксплуатациялық шығындарға алып келеді.

Қаражанбас кен орнында мұнай өндіру кезіндегі өзекті проблемалардың бірі болып өндірілетін өнімнің сулану деңгейінің жоғары болуы қабат қысымын ұстау кезінде жүйеге су мен бу айдауға тәуелді болып табылады. 2011-2012 жылдар аралығында Қаражанбас кен орнында су ағынын оқшаулау үшін цемент тығынын немесе алынатын пакер-тығындарды орнату арқылы жоғарыда жатқан қабаттарға ағынды ауыстыру арқылы жұмыстар жүргізілді. Мұнайға қаныққан пропласткалары бар цемент көпірін орнату жұмыстарының нәтижесінде (үлкен интервалдарда 5-11 м) ұңғымалардың жалпы өнімділігі төмендеді.

Сулану нәтижесінде ұңғымалардың едәуір бөлігі қабаттың түп маңы аймағының бұзылуына және құмды тығындардың пайда болуына ұшырайды, бұл өндірілетін өнім көлемінің төмендеуіне, ал кейбір жағдайларда оларды эксплуатациялау мүмкіндігінің жойылуына әкеледі. Қаражанбас кен орнында құм пайда болған ұңғымалардың өнімділігін қалпына келтіру үшін ыстық сумен жуу әдісі қолданылады (ЫСЖ).

Көмірқышқылының коррозиялық әсері парциалды қысым бойынша анықталады. Ұңғымадағы CO_2 парциалды қысымы 0,0224 МПа, мұнайды газбен қанықтыру қысымы – 3,2 МПа және газдағы CO_2 құрамы 0,7% деңгейінде болып отыр.

Көмірқышқыл коррозиясының көміртекті болаттарға (КБ) әсер ету дәрежесін АРІ жіктемесіне сәйкес бағалауға болады:

- $P(\text{CO}_2) > (0,206 \text{ МПа})$ – коррозия пайда болуы әбден мүмкін;
- $0,048 \text{ МПа} < P(\text{CO}_2) < 0,206 \text{ МПа}$ - коррозия мүмкін;
- $P(\text{CO}_2) < 0,048 \text{ МПа}$ – коррозия пайда болу ықтималдылығы аз.

$p\text{CO}_2$ (0,0224 МПа) деңгейі $p(\text{CO}_2) < 0,048 \text{ МПа}$ мына аралықта жатыр, бұл коррозияның пайда болуы аз мүмкін екендігін сипаттайды. Бұдан басқа, өнімнің құрамында көміртекті болат коррозиясының табиғи ингибиторлары – асфальтендер бар. Өндірілетін ГСҚ коррозиялық белсенділігін КБ-қа қатысты 0,1 мм/жыл деңгейінде бағалауға болады [14].

2.6 Өндірілетін өнімді жинау және дайындау жүйесіне қойылатын талаптар мен ұсыныстар

Өнімнің кәсіпшілік ішіндегі жинау және дайындау жүйесі оны жинауға, ұңғыма бойынша өлшеу жұмыстарына және тауарлық кондицияға, содан соң тұтынушыға жеткізуге арналған.

Өндірілетін өнімді жинау технологиялық тізбек бойынша жүзеге асырылады: өндіруші ұңғымалардың сағасы – шығару желілері – мұнай жинағыш коллекторлар – топтық өлшеу қондырғылар (ТӨҚ), онда мұнайды айырудың бірінші сатысы, пештерде қыздыру және мұнайды дайындау және айдау цехына(МДАЦ) жеткізу жүзеге асырылады.

Ұңғыманы ТӨҚ-на қосу- сәулелік схема, аумақтық белгі бойынша жүзеге асырылады. Бір топтық өлшеу қондырғысының шеңберінде лақтырылатын желілердің ұзындығы 100 м-ден 700 м-ге өзгереді.

Жаңа учаскелердегі ТӨҚ-на ұңғымаларды қосу аумақтық белгі бойынша жүзеге асырылады, алайда, ұңғымаларды қосу схемасы бұрын қабылданған схемадан өзгеше және келесіден тұрады: ұңғымадан шығару желілері мұнай коллекторына тікелей қосылған, содан жалпы ағын ТӨҚ-на жіберіледі. Өлшеу сағалық расходомерлерде әрбір ұңғыма бойынша жеке жүргізіледі. ТӨҚ-ның технологиясы қолданыстағыға ұқсас: мұнай ағыны сепарациядан өтеді, одан газсыздандырылған мұнай сорғымен сорылып шығарылады және ПП-1,6 типті пешке қыздырғаннан кейін мұнай жинау жүйесі бойынша МДАЦ-қа түседі.

Сепарациядан кейін бөлінген ілеспе газ V-01 газ сепараторына түседі, онда конденсат пен қоспалардан тазартылады, содан кейін Н-01 мұнайды қыздырғышқа отын ретінде беріледі.

Өндірілетін мұнайдың жоғары сулануын және мұнай эмульсиясын сепарациялау кезінде газ ылғалының шығуын ескере отырып, ТӨҚ -12, 16, 27, 30, 31, 32, 33,34 және газ конденсациясын оның температурасын төмендету есебінен суыту және бөлу үшін арналған өнімділігі 30000 және 75000 м³/тәу газ салқындату жүйесінің блоктық қондырғылары орнатылған. Содан кейін бөлінетін тамшылы сұйықтықты ұстау үшін көлемі 0,8 м³ және қысымы 2,5 МПа газ ГС1-2,5-600-1-И газ сепараторына түседі

Сондай-ақ «Bidell» фирмасының(Канада) бұрандалы газ компрессорлық қондырғылары орнатылған. Sullair PDR-25X-GD және PC40LB және поршеньді газ компрессорлық қондырғылар өндіруші ENERFLEX Systems INC (США) тип. Ariel JGN-2 өнімділігі 22, 75 и 150 мың.м³ газ/тәул немесе 27,375 және 54,750 млн. м³, сығу процесі өтеді, содан кейін газ газды кептіру қондырғысы арқылы өтеді. Сығылған және құрғатылған газ Қаламқас кен орнынан келіп түсетін отын газымен біріктіріле отырып, отын газының газ тарату құбырларына жіберіледі. Одан әрі отын газ кен орнындағы барлық газ тұтынушыларына келіп (мұнайды қыздыру пештері, бугаз қондырғы) түседі.

Мұнай өндіру цехы № 1 (МӨЦ-1)

Қазіргі уақытта МӨЦ-1 құрамына ТӨҚ-12ВВГ, ТӨҚ-33 және 34БЖӘ кіреді, онда сұйықтықтың алғашқы сепарациясы жүргізіледі, одан әрі газсыздандырылған және қыздырылған мұнай Т-30° температурамен ПНПТ-1,6 маркалы пештерде НБ-125 сорғыларымен сорылады және негізгі коллектор бойынша МДАЦ-на түседі.

Мұнай өндіру цехы № 2 (МӨЦ -2)

ЦДН - 2 құрамына ТӨҚ-16, 27, 30, 31, 32 кіреді, сұйықтықтың алғашқы сепарациясы жүргізілетін БЖӘ, одан әрі газсыздандырылған мұнай НБ-125 сорғыларымен сорылып, негізгі коллектор бойынша сорғы станциясына (СС-2) түседі.

СС-2 технологиясы мынадай: 1500 м³/сағ дейінгі көлемде су-мұнай қоспасы (сулануы 90%-ға дейін) УПС (Р-1) Ду400 ТӨҚ-16, 27, 30, 31, 32 құбыр желісі бойынша беріледі.

Р-1, Р-2 и Р-3 резервуарларында су тұндырылады. Бір-бірімен жалғағыш құбырмен байланысқан.

Резервуарлар тыныс алу клапандарымен жабдықталған. Әр резервуар негізгі схема бойынша (алдын ала ағызу қондырғысы +резервуар+қабаттық судың тұндырғышы) және резервуарлардың бірін пайдаланудан шығару нұсқасы бойынша жұмысты қамтамасыз ету үшін бақылау өлшеу аспаптары жүйесімен жабдықталған.

Мұнай бойынша МДАЦ орташа өнімділігі-10000м³/тәул. Мұнай эмульсиясын МДАЦ-не дайындау процесі термохимиялық процесті қолдана отырып, үш технологиялық желі бойынша жүзеге асырылады. Мұнайды сусыздандыру оны ПТБ-10 маркалы пештерде және реагент-деэмульгатордың және ОГ-200 тұндырғыштарында тұндырудың қатысуымен 60-тан 93°С-қа дейінгі температураға дейін қыздыру жолымен жүргізіледі (жалпы саны-16 бірлік). Тұзсыздандыру процесі деэмульгаторды енгізумен ыстық тұщы су қосылған және тұндырғыш аппараттарда одан әрі мұнайды тұндырумен жүзеге асырылады. Содан кейін дайындалған мұнай тауарлық парктен "Қаражанбас" резервуарлық паркіне айдалынады ("ҚазТрансОйл" АҚ 6°С аспайтын температурада мұнайды қабылдайды)[11].

3 Арнайы бөлім

3.1 Дүние жүзіндегі жоғары тұтқырлы көмірсутектердің таралуы

Жалпы, аса ауыр мұнайдың әлемдік қорлары 2006 жылдың соңына 585,4 млрд.т құрады, оның ішінде: Канада — 222,4; Ресей — 184,2; Венесуэла — 163,7; Қазақстан — 10,9; Мадагаскар — 5,9; АҚШ — 5,5[4]. Әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын жіктеме бойынша ауыр мұнай болып тығыздығы 920-1000 кг/м³ және тұтқырлығы 10 – нан 100 мПа·с-ға дейінгі көмірсутек сұйықтықтары, ал табиғи битумдар-тығыздығы 1000 кг/м³ артық және тұтқырлығы 10000 мПа·с жоғары көмірсутек құрамына ие жартылай қатты қоспалары саналады[1]. Ауыр мұнайлы кен орындар үшін қабаттық жағдайларда тұтқырлығы 20 мПа·с мөндерден табиғи битумның (9000 мПа·с) мөндеріне жақын тұтқырлықтың шамаларына дейін түрленеді. Бұл ретте кен орындарының көпшілігі 1000 мПа·с аралықтағы тұтқырлыққа ие [3].

Қоры бойынша ең маңызды кен орындары 1000-1500 метр тереңдік ауқымында орналасқан. 1500 метрден астам тереңдікте орналасқан аса тұтқыр мұнайлардың баланстық қорларының үлесі барлық қорлардың 5%-ын ғана құрайды [13].

ТМД елдері арасында өндірістік қор бойынша жоғары тұтқырлы мұнай қорына ие ірі кен орындар: Ван-Еган – 1,3 млрд.т; Солтүстік-Комсомолдық – 700 млн.т; Усин – 601 млн.т; Қаражанбас – 218 млн.т; Солтүстік Бозашы – 216 млн.т; Ярег – 137 млн.т; Балаханы-Сабунчи-Романы – 114 млн.т; Кенқияқ – 103 млн.т; Гремихин – 74 млн.т болып отыр [5].

Табиғи битумдар әртүрлі дәрежеде, газсыздандырылған, жеңіл фракцияларды жоғалтқан, тұтқыр, жартылай қатты табиғи мұнай туындылары, яғни мальта, асфальт пен асфальтиттер генетикасы болып табылады. Сонымен қатар, құрамында күкірт пен металдардың мардымды мөлшерімен, әсіресе V₂O₅ ванадий бес тотығы мен никель (Ni) болуымен ерекшеленеді. Ресей мен ТМД елдерінде V₂O₅ мөлшері 7800г/т болса, шет елдерде V₂O₅ 3500 г/т мөлшерінде болып отыр. Осылайша, табиғи битум кен орындарын тек мұнай мен оны қайта өңдеу өнімдерін алу үшін мономинералды шикізат көзі ретінде ғана емес, ең алдымен поликомпонентті шикізат тұрғысынан қарастыру қажет екендігіне көз жеткізілген [15].

Канада мен Жапония сияқты ең дамыған елдер толығымен АШПШ-нен ванадий алады. Егер шикізат импортталса да, ванадий өндіру үшін негізінен кен емес, мұнай қалдықтары немесе металлды кокс пайдаланылады. АҚШ-та мұнайдан ванадий алудың үлес салмағы 80%-дан асады. Қазіргі уақытта ванадия өндірісімен Оңтүстік Африка- 43%, Қытай мен Ресей- 20% айналысқан. Ол өңдеу кезінде алынатын шламдардан алынадыр[16]. Ванадийдің магистральды газ және мұнай құбырлары, көпірлер дайындау кезінде болат өндірісінде, машина жасау саласында тұтынылады [16].

Жоғары тұтқырлы мұнай Қазақстанның батыс аймағында, яғни Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарында барлық жоғары тұтқыр мұнай қоры

таралған. Мұнай қорларының басым бөлігі (54%-дан астам) Маңғыстау облысында шоғырланған, онда ЖТМ бар екі ірі кен орны бар: Қаражанбас және Солтүстік Бозашы[11].



3.1 Сурет - Қазақстандағы ЖТМ таралуы [11]

Кен орындағы көмірсутек қоры бойынша Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Кеңқияқ және Шығыс Молдабек төрт ірі кен орындарының қорлары 609,8 млн.т құрайды. Орташа кен орындарының үлесіне ЖТМ үлесінің 13% немесе 110,8 млн.т. тиесілі. Бұл санатқа бес кен орын жатады: Құмса й, Қара-Арна, Прибрежное, Қосшағыл және Батыс Терең-Өзек. Сонымен қатар, ЖТМ-ға ие ірі және орта кен орындарының жиынтық үлесі ҚР-ның барлық өнеркәсіптік геологиялық қорларының 87% - ын құрайды. Ал балансты қоры жөнінен 10 млн.тоннадан аспайтын ұсақ кен орындары Атырау облысының аумағында шоғырланған(30 кен орны).

Барлық өнеркәсіптік баланстық қорлардың 36% карбонатты коллекторларда шоғырланған Ресеймен айырмашылығымыз Қазақстан аумағындағы барлық кен орындары өнімді қабаттардың литологиясы бойынша терриген коллекторларына жатады[11].


3.2 Жоғары тұтқыр мұнай қорларының игеру технологиясы

Технологиялық және экономикалық сипаттамалармен ерекшеленетін ауыр мұнай мен табиғи битумдар шоғырларын игерудің әртүрлі тәсілдері бар. 3.2-суреттен көріп тұрғанымыздай, игерудің екі негізгі тобы көрсетілген: термиялық әсер арқылы және термиялық әсерсіз (физика-гидродинамикалық, физика-химиялық және газ).

Ұсынылған әдістердің әрқайсысы үшін оның жұмысына қажетті критерийлері бар. Батыс Қазақстан кен орындарының геологиялық жағдайына катысты келесі әдістерді ұсынуға болады:

- құммен суық мұнай өндіру (CHOPS);
- көлденең ұңғымалардың көмегімен суық өндіру әдісі;

- тік ұңғымалардағы бу жылылық циклдік өңдеу (БЖЦӨ немесе CSS);
- көлбеу ұңғымалардағы бу жылылық циклдік өңдеу (БЖЦӨ немесе CSS);
- буды айдау кезіндегі гравитациялық дренаждау (SAGD);
- бу айдаумен қатар жүретін шайылу (SF);
- ұңғымаға жоғары жиілікті электромагниттік әсермен жоғары тұтқыр мұнай ағынын интенсификациялаудың эксперименттік технологиясы (3.2-сурет)[12].



3.2 Сурет- Ауыр мұнай игеру әдістерінің классификациясы

3.2.1 Игерудің термиялық емес тәсілі

Ауыр мұнайды өндірудің термиялық емес әдістеріне, бірінші кезекте "CHOPS" әдісін жатқызуға болады, ол әлсіз цементтелген коллекторды бұзу арқылы, мұнайды құммен бірге өндіре отырып, қабатта мұнай мен құм қоспасының ағысы үшін жағдай жасайды. CHOPS әдісінің бірден бір артықшылығы үлкен инвестицияларды талап етпейді және пайдалану шығындарының аздығын қамтамасыз етеді, бірақ мұнайбергіштік коэффициенті 10%-дан аспайды. Бұл әдіс битум өндіру үшін және табандық суы бар кен орындарда қолданылмайды[3]. Қолдану кезінде депрессияның артуы есебінен қабаттан әлсіз цементтелген құм мұнай ағынымен бірге өндіріледі[17].


Төмен температурада жұмыс жасайтын Vapour Extraction (VAPEX) технологиясы көлденең ұңғымаларда қолданылады. Гравитациялық дренаж режимінде қабатқа су буының орнына қабаттық қысым кезінде этан немесе пропан айдалады. Технологияның басты кемшілігі-асфальтендердің түсуі және

қабаттың өткізгіштігінің төмендеуі[18]. Мұнда мұнай бергіштік коэффициенті 60%-ға дейін жетеді. Кемшіліктерге қарамастан (мұнай өнімдерін тазарту қажеттілігі, ағынның төмен депрессиясы кезінде оны өңдеу қажеттілігіне байланысты алынатын мұнай ағынының төмен дебиті), бұл технология – перспективалы[3].

3.2.2 Игерудің термиялық әдісі

3.2.2.1 Қабат ішіндегі жану(Ауа айдау процесі)

Қабат ішіндегі жану (3.3-сурет) мұнайды ығыстыру процесі болып табылады, ол кезде құрамында оттегі бар газ коллекторға айдалады, онда ол шикі мұнаймен реакцияға түседі, соның нәтижесінде коллектор бойынша таратылатын жанудың жоғары температуралы фронты құрылады. Көп жағдайда айдалатын газ ауа болып табылады. Дегенмен, 100% оттегін айдау жағдайлары кездескен. Экзотермиялық тотығудың арқасында, қабат температурасы 500- 700 °С дейін жоғарылайды[19].




3.3 Сурет- Қабат ішілік жану[19]

Бұл әдіс, негізінен, дәстүрлі әдістермен өндірілетін аса ауыр тұтқыр мұнай (ауыр және аса ауыр мұнай) коллекторларында қолданылады. Қабат ішіндегі жану тығыздығы 9° API-ден 40° API-ге дейін мұнай коллекторларында қолдану тиімді. Бұл процесс кезінде жоғары температураның әсерінен мұнайдың тұтқырлығы азаяды, термиялық крекинг, мұнай мен қабаттық судың жеңіл фракциялары буланады. Мұнай қабатынан оның пайда болған көмірсутекті және көмірқышқыл газдарының, азоттың, будың және ыстық судың қоспасымен ығыстыру жолымен алынады. Бұл ретте жылутөткізу және мұнай алу процесі жеделдетіледі[3].

Ауа айдау арқылы мұнай алудың ұлғаюын есептеу үшін ең жеңіл және жылдам тәсіл-шикі мұнай мен қабаттық жағдайларға байланысты аралас немесе араласпайтын N₂ айдау процесін модельдеу (тотығу реакциясыз). Егер араластыру шарттары N₂ қолданумен жасалса, ауаны айдаудың техникалық мүмкіндігі артады. Дегенмен, ауа қысу құны қабаттық қысымның ұлғаюына қарай артады. Сондықтан ауаны айдау төмен қабаттық қысымдағы коллекторлар үшін (сарқылған немесе ескі кен орындары) қолданылады. Процесс алдын ала

анықталған аймақтар жанған кезде немесе жанып жатқан фронт өндіруші ұңғымаларға жеткен кезде ауа беруді жабу арқылы тоқтатылады(3.4-сурет).




3.4 Сурет- Қабат ішіндегі жану процесінің схемасы[20]

3.2.2.2 Бу жылумен өңдеу

Ауыр мұнай мен табиғи битумдарды өндірудің кең қолданылатын әдістері ұңғымалардың түп маңы аймақтарын бу-жылумен өңдеу болып табылады (3.5-сурет).

Ұңғыманың түп маңы аймағының бу-жылумен өңдеу процесі түп маңы аймағын қыздыру және онда мұнайдың тұтқырлығын төмендету үшін, яғни ұңғымалардың өнімділігін арттыру үшін өндіруші ұңғымаларға буды мерзімді айдау болып табылады. Цикл (бу айдау, ұстау, өндіру) кен орнын игеру кезеңінде бірнеше рет қайталанады. Мұнай бергіштік коэффициенті 15-20%, алайда жоғарғы жылусыйымдылық пен ілеспе газдың үлкен қоры кемшілігі болып отыр[3].

Алайда, барлық кемшіліктерді ескере отырып, жаңа бугравитациялық дренаж (SAGD) тәсілі кең қолданысқа ие (3.5-сурет). Ол бүгінгі күні әлемде өзін ауыр мұнай мен табиғи битумдарды өндірудің өте тиімді тәсілі ретінде көрсетті.



3.5 Сурет- Ұңғыны бу жылулық өңдеу [19]


Бұл технология екі көлденең ұңғыманы бұрғылауды талап етеді. Үстіңгі көлденең ұңғыма буды қабатқа айдау және жоғары температуралы бу камерасын құру үшін қолданылады[19].

Бумен әсер ету процесі жылыту сатысынан басталады, ол бойынша (бірнеше ай) екі ұңғымада бу циркуляциясы жүргізіледі. Бұл ретте жылудың тасымалдануы есебінен өндіру және айдамалау ұңғымалары арасындағы қабат аймағын қыздыру жүзеге асырылады, осы аймақта мұнайдың тұтқырлығы төмендейді және сол арқылы ұңғымалар арасындағы гидродинамикалық байланыс қамтамасыз етіледі. Өндірудің негізгі сатысында айдау ұңғымасына бу айдау жүргізіледі. Тығыздықтардың айырмасынан айдалатын бу өнімдік қабаттың жоғарғы бөлігіне бу камерасының өлшемінде ұлғаятын етіп тесіледі[19].

Бұл технологияның кемшілігіне бу тасымалдау қиындығы және оның энергиясын жоғалту жатады. Энергия үнемдеу міндеттерінде энергия шығыны – бұрғылау процесі маңызды мәселе болып отыр. Ұңғыманың сағасынан қашауға дейінгі берілетін қуаттың ысырабы 30% - ға дейін құрайды[21].

